

## «Ауызша сабақ - 4» картасы

МҰҒАЛИМ ТОЛТЫРАДЫ

### Күнделікті жоспарлау

Мерзімі: \_\_\_\_\_

Сынып: \_\_\_\_\_

Пән: \_\_\_\_\_

Тақырып: \_\_\_\_\_

Мұғалім: \_\_\_\_\_

Өткізу түрі: «Ауызша сабақ - 4» картасы, БЖС технологиясы. Мұғалімдерге арналған әдістемелік басшылық «Стандарттық мазмұн» \_\_\_\_ сынып.

**Мақсаты:** Оқытылатын тақырып бойынша сапаның нормативтік көрсеткішіне жету. Кіріспе кезінде ақпаратты тарату біліктілігі.

Ақпараттық құзыреттілікті дамыту. Оқушылардың дедукция және индукция, зейін, қабылдау, есте сақтау сияқты негізгі ойлау қабілеттерінің түрлерін қалыптастыру және жаттықтыру. Ауызша және жазбаша тілдің сапасы мен жылдамдық техникасын дамыту.

**Міндеті:** Картаның регламентін орындау. Ұяшықтарды толтыра отырып, белгілі бір ақпараттың көлемін тірек сөздер арқылы қажетті минимумға дейін қысу. Келіп жатқан ақпараттан ең негізгісін таңдап, алуды үйрену.

**Жоспарланған нәтиже:** қойылған мақсатты орындау. Оқу үрдісіне деген жоғарғы мотивация.

### Оқу сабақтарының 3 типі

Білім мен іс-әрекет амалдарының кешенді қолдану бойынша оқу сабақтары: мотивация > білім мен іс-әрекеттер тәсілдерінің кешенін өзектендіру > ұқсас және жаңа жағдаяттарда өз бетінше білімдерін қолдану > бақылау және өздік бақылау > түзету > рефлексия.

**«Ауызша сабақ– 4» картасында мәтінмен жұмыс үш бағаннан тұратын арнайы кестеде орындалады:**

1 баған - фактілер: мерзімдер, оқиғалар, атаулар, географиялық және тарихи картадағы орындар;

2 баған - әрекет жасаушы авторлар: адамдар, аңдар, микроағзалар, бактериялар, вирустар, машиналар;

3 баған - пән тілі: терминдер, түсініктер, заңдар, ережелер, түрлер, классификациялар, құрылымдар, үрдістер, жүйелер.

**Құрылымы мен жұмыс тәртібі картасы бойынша "Ауызша сабақ - 4"**

1	Ұйымдастыру кезеңі Мотивация.	<p><b>Бірінші әдістемелік нүкте:</b> мұғалім қысқа және жалпылама оқушыларға сабақтың міндетін түсіндіреді: бүгін сабақта не өтеміз, тақырып ненің бөлігі болып келеді, ең соңында балалар сабақта нені менгеру керек.</p> <p>Зейін мен есте сақтау қабілеттер дамытын жаттықтыру залында тұрмыз деп мұғалім оқушылардың назарын осыған аударады. Негізгі спорттық қару кесте болып келеді. Өткен тақырып бойынша қарама қарсы сұрау ұсынылады. Егер мектепте немесе сыныпта технологияны ендіру бастапқы кезеңде болып, сынып дайын болмаса, бұл кезеңді өткізбеуге болады, уақытты үнемдеу үшін.</p>	<p>Карта бойынша жұмыс тәртібі түсіндіріледі. Сыныпты белсендіру үшін сөз көшбасшыға беріледі. Оқушылардың мотивациясы сынып бір топ ретінде және терезе сыртындағы «Сиқырлы өмір». <b>Бірінші белгі.</b></p>
2	<p align="center"><b>1 Кезең</b></p> <p>Іс-әрекет тәсілдері мен білімдер кешенін өзектендіру.</p>	<p><u>Мұғалім кестені дұрыс жүргізуді түсіндіреді.</u> Барлық лекцияны көшіріп алу табысты түрде жауап берудің шарты емес екендігі, ең басты ақпаратты қысқа да түсінікті етіп жазып және таңдап алу дағдысы бағаланатыны нақтылануы қажет. Бұл - ақпараттық құзыреттілік негізі болып табылады. Мұғалім бір минут ішінде лекцияны оқыды және оқушыларға берілгенді бағандарға дұрыс бөліп шығуға көмектеседі. Оқушылар кестемен дұрыс жұмыс жасау ережесін менгергеннен кейін, лекцияны бастауға рұқсат етіледі.</p>	<p>Кесте тақтаға шығарылады және мұғалім оқушыларға сабақта оны қалай жүргізу керек екенін көрсетеді.</p>
3	<p>Ұқсас және жаңа жағдаяттарда білімді өз бетінше қолдану</p>	<p>Мұғалім лекцияны екіге бөледі, әр лекцияға 10 минут беріледі, одан көп емес және лекцияның бірінші бөлігін бастайды.</p> <p>Ақпаратты жеткізу әр түрлі болып келеді: фильмдерді көру, аудио-тыңдау, мультимедиялық презентация, монолог, диалог, мұғалімнің қалауы бойынша оқулықтан немесе кітаптан алынған мәтінді талқылау.</p>	<p><b>Назар аударыңыздар!</b></p> <p>Лекцияны соза бермеңіздер, өйткені сабақта берілген уақытқа үлгермеуіңіз мүмкін.</p>
4	<p>Бақылау және өзіндік бақылау</p>	<p>Оқушыларға қарама қарсы сұрау жүргізу және ООМ бойынша бағалау, «Ауызша сабақ 1-2» картасының ережесі бойынша.</p> <p>Мұғалім оқушыларды лекцияның тақырыбы бойынша сұрайды.</p> <p><b>Екінші әдістемелік нүкте.</b></p> <p>Мұғалім 1-2 минут оқушылар менгермеген білімнің бөлімдерін толықтырады.</p>	<p><b>Екінші белгі.</b> 63% норма бойынша кезеңге сәйкес екінші баға қойылады.</p>

5	Түзету	Кестені жүргізу біліктілігіне талдау жүргізіледі, заманауи ақпараттық біліктілік негізі ретінде. Бұл кезеңде лекция барысында оқушылардың есте сақтауына, зейініне байланысты кең түрде талдау жүргізіледі. Мысалдар келтіріледі және кестені толтыру кезіндегі оқушыларға тән қателері анықталады. Мұғалім лекцияның екінші бөлімін бастайды.	Талдау уақыты 1-2 минуттан артық болмау керек.
6	Рефлексия	АС-2 картасындағыдай оқушыларды өзара тестілеу. Вариант бойынша, егер сынып үлкен болса, немесе жекпе жек түрінде, егер сынып 15 адамнан аспаса. Мұғалім оқушылардың назарын кестені дұрыс жүргізуге аударады, сұрақ және жауап дайындау амалы ретінде. Бұл кезеңде лекция барысында оқушылардың есте сақтауына, зейініне байланысты кең түрде талдау жүргізіледі. Кестені сәтті жүргізу үлгілері көрсетіледі және кестені толтыру кезіндегі оқушыларға тән қателері анықталады.	<b>Үшінші белгі.</b> Кезеңнің нәтижесі бойынша баға қойылады. <b>Үшінші сыни нүкте.</b> Мұғалім 1-2 минут оқушылар менгермеген білімнің бөлімдерін толықтырады.
7	Сөздік қор	Оқушылар сабақ бойы жас ерекшелік нормасына сәйкес ТСҚ бойынша кестеге кіргізген сөздердің санын анықтайды (10 бет).	<b>Төртінші белгі.</b> Кезеңнің нәтижесі бойынша баға қойылады.
8	Бағалар	Мұғалім барлық оқушыларға кестені дұрыс жүргізгені үшін ООМ баға (плюс, минус) қойып шығады. <b>Сабақта журналға баға қою келесі норматив бойынша жүреді:</b> 4 - 5 деген баға – ұпай саны 5 болса; 3 деген баға – ұпай саны 4 болса; 2 деген баға – ұпай саны 3 болса; 1 деген баға – ұпай саны 2 болса;	<b>Бесінші белгі.</b> Сапа нормативі: 63% оқушы 5 ұпай алу керек. См таблицу 3-ші кестеге қараңдар.
9	Үй тапсырмасы	4 бағадан аз баға алған оқушыларға үй тапсырмасы беріледі.	